

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 147 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 90-бабына, "Орталық мемлекеттік органдардың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының үлгілік регламентін бекіту, "Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының үлгілік регламенті мен Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттарының өтініштерді қарауды бақылау бөлімдері туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 560 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 214 қаулысының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Әкімшілік жұмысы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің құрылымдық бөлімшелері, ведомствосы, аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрық қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберсін;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

A. Сәтқалиев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
2023 жылғы 14 сәуірдегі
№ 147 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламенті

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрлігінің м.а. 10.06.2024 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының тәртібін регламенттейді.

2. Жеке тұлғалар мен занды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдауды Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 16 кіреберіс, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты мекенжайында орналасқан Азаматтарды қабылдау орталығында (бұдан әрі – АҚО) мына лауазымды тұлғалар:

- 1) Министр және вице-министрлер;
- 2) аппарат басшысы жүзеге асырады.

3. АҚО-да Министрліктің регламентінде белгіленген тәртіппен Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдау жүзеге асырылады.

2-тарау. Азаматтарды қабылдау орталықтарында жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдау тәртібі

4. АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға жауапты Министрліктің Жолданымдарды және орындаушылық тәртіпті бақылау департаментінің (бұдан әрі – ЖОТБД) қызметкерлері күн сайын жұмыс күндері, түскі үзілісі бар жұмыс уақытында "электрондық үкімет" веб-порталындағы не "Электрондық жолданымдар"

ақпараттық-талдау жүйесіндегі электрондық құжат, қағаз форматтағы, оның ішінде қолма-қол келіп түсетін не азаматтарды қабылдау орталығында сол қызметкерге ауызша нысанда айтылған жолданымдар негізінде қабылдауға жазылуды жүргізеді.

5. Мәселенің мәні баяндалмаған жеке қабылдау туралы өтініші бар жолданым қаралмайды, бұл туралы арыз иесіне хабарланады.

6. Жолданымды қабылдаудан бас тартуға рұқсат етілмейді.

Егер жеке қабылдау туралы өтініші бар жолданым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 63-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, осы жолданымды тікелей қарайтын құрылымдық бөлімшенің қызметкери ол туралы арыз иесіне көрсетеді және оны Кодекстің талаптарымен сәйкес келтіру үшін ақылға қонымды мерзімді – 2 (екі) жұмыс күнін белгілейді.

Белгіленген мерзімде Кодекстің талаптарына сәйкес келтірілмеген жеке қабылдау туралы өтініші бар жолданым қайтарылуға тиіс.

7. Осы Регламенттің 2-тармағында көрсетілген адамдардың АҚО-да қабылдауы Регламентке қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Басшысы бекіткен кестеге сәйкес айына бір реттен сиретпей жүргізіледі.

8. Лауазымды адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), қабылдау күндері көрсетілген қабылдау графиттері мемлекеттік және орыс тілдерінде Министрліктің үй-жайларында көпшілікке көрінетін жерлерге ілінеді, сондай-ақ Министрліктің ресми сайтында орналастырылады.

9. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдау Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Қабылдауға берілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жолданымдары, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда оларды қараудың өзге қағидалары көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

10. Қабылдау жолданымның кезектілігі тәртібімен жүргізіледі. Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері, еңбек ардагерлері, мүгедектігі бар адамдар, жұкті әйелдер, "Алтын Қыран", "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" ордендерімен марапатталған адамдар кезектен тыс қабылданады.

11. Жолданым берушінің келісімімен Министрлік басшыларының қабылдауы бейнеконференцбайланыс арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

12. Пандемиямен немесе жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты басқа да жағдайларға орай шектеу

шаралары енгізілген жағдайда қабылдау бейнеконференцбайланыс арқылы ғана жүзеге асырылады.

13. Қабылдауға жазылу мына жағдайларда:

- 1) Министрліктің құзыретіне кірмейтін мәселелер болса;
- 2) әкімшілік органның, лауазымды адамның жолданымда көрсетілген сол нысана туралы және сол негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушиға қатысты әкімшілік іс бойынша шешімі бар болса;
- 3) сол нысана туралы және сол негіздер бойынша сол адамға қатысты шығарылған занды қүшіне енген сот актісі бар болса;
- 4) әкімшілік орган, лауазымды адам жолданымды қайтарса;
- 5) әкімшілік орган, лауазымды адам арыз иесінен жолданымды кері қайтарып алушы қабылдаса, жүзеге асырылмайды.

14. Уақытша еңбекке жарамсыздық, қызметтік іссапар және басқа да жағдайлардың себебі бойынша қабылдау жүргізу мүмкін болмаған жағдайда қабылдаушы адам АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкерге жеке қабылдау өткізілгенге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей немесе қабылдау өткізілетін күні хабардар етеді.

15. Қабылдау күнінде АҚО-да қосымша арыздар мен басқа да ілеспе құжаттарды ресімдеуге (қажет болған жағдайда) көмектесетін заң консультанттары, психологтар және әлеуметтік қызметкерлер тартылуы мүмкін (волонтерлерді қабылдау күндері ғана тартуға болады).

16. Қабылдау өткізген кезде, арыз иесінің жолданымын тікелей қарайтын Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің жауапты қызметкерлері, егер көтерілетін мәселе басқа да мүдделі органдар өкілдерінің құзыретіне қатысты болса, олардың қатысуын қамтамасыз етеді.

17. Арыз иесінің жолданымын тікелей қарайтын Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің жауапты қызметкері басқа мүдделі органдар өкілдерінің қабылдауға қатысуы туралы сұрау салу жібергеннен кейін арыз иесін 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберілген сұрау салу туралы және қажет болған жағдайда қабылдауға жазылу туралы жолданымды қараудың ұзартылғаны туралы хабардар етеді.

18. Басқа мүдделі органдардың бірлесіп қабылдауға қатысудан бас тарту фактілері туралы ақпарат бас тартуды алған соң 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жіберіледі.

19. Қабылдау арыз иесінің қалауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

20. Қабылдау нәтижелерін жолданым немесе тапсырмалар бойынша қабылдау барысында қабылданған шешімді көрсете отырып, оларды орындаудың нақты мерзімдері көрсетіліп АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкер хаттамалайды. Хаттамалық тапсырмалар жолданымдарға қоса тіркеледі.

Қабылдау нәтижелері бойынша Министрліктің қабылдауға жауапты лауазымды тұлғалары хаттама ресімдейді:

- Министрді қабылдау кезінде – ЖОТБД, Министрліктің жауапты құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілік ететін мәселелері жөніндегі ұсыныстары негізінде;

- вице-министрлер мен аппарат басшысын қабылдау кезінде – Министрліктің жауапты құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, Министрлік басшысының тиісті көмекшісі.

21. Министрліктің Жұртшылықпен өзара іс-қимыл департаменті дербес деректер мен мемлекеттік құпияларды не заңмен қоргалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қорғау туралы талаптарды сақтай отырып, азаматтарды қабылдауды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады.

3-тарау. Жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдау мәселелері жөніндегі жолданымдарды тіркеу және қарau тәртібі

22. Қабылдауға жазылу туралы келіп түскен барлық жолданымдарды АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкер "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесінде олар келіп түскен күні тіркейді.

23. АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкер арыз иесінің өтінішін тікелей қарайтын Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен материалдарды жинап, талдағаннан кейін Министрдің атына азаматтарды қабылдау орталығында қабылдау күнін белгілеу немесе бас тарту туралы ұсыныспен анықтамалық ақпаратты қабылдау басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын дайындауды.

24. АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкер бекітілген тізімдерді қабылдау графигіне кезектілік тәртібімен бөледі.

25. Арыз иесінің жолданымын тікелей қарайтын Министрліктің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері және азаматтарды қабылдау орталығында қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкер жолданым тіркелген кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей арыз иесіне қабылдау уақыты мен күні көрсетілген жауапты жолдайды.

26. Мәні бойынша барынша пысықтауды талап ететін күрделі мәселе болған жағдайда, арыз иесінің жолданымын тікелей қарайтын Министрліктің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері арыз иесіне жолданымды қарau мерзімін жолданым тіркелген кезден бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзарту туралы хат жібереді.

Жолданымды қарau мерзімі Министрдің, вице-министрлердің және аппарат басшысының уәжді шешімімен ақылға қонымды мерзімге, бірақ жолданымды дұрыс

қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды белгілеу қажеттілігіне байланысты екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Бұл туралы арыз иесі жолданымды қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

27. Азаматтарды қабылдау орталығында қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкердің Министр, вице-министрлер және аппарат басшысының қабылдауды ұйымдастыруы үшін қажетті материалдарды ұсыну, қабылдауды өткізу практикасын талдау және қорыту туралы талаптары Министрліктің құрылымдық бөлімшелері үшін орындауға міндettі болып табылады.

28. Қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, арыз иесінің жолданымын тіkelей қарайтын Министрліктің құрылымдық бөлімшесінің қызметкери арыз иесіне тыңдау рәсімін жүргізу үшін бас тарту туралы алдын ала шешім жобасын жібереді.

Қабылдаудан бас тартылған жағдайда тыңдау рәсімі Кодекстің 73-бабының бірінші бөлігінде көзделген тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін.

29. Тыңдау рәсімін ұйымдастыру және өткізу тәртібі Кодекстің 66, 73 және 74-баптарының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

4-тaraу. Қабылдау қорытындысы бойынша тапсырмалардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру

30. Қабылдау қорытындысы бойынша дайындалған хаттамалық тапсырмаларды бақылауды АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға ЖОТБД қызметкери жүзеге асырады.

31. Арыз иесіне түпкілікті уәжді жауап қабылдаудан келіп түскен жолданымды бақылаудан алу үшін негіз болып табылады.

32. Қабылдау барысында арыз иесі берген жолданымдар "жеке қабылдаудан" деген белгі қойылып, "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесінде тіркеледі.

33. Қабылдаудан түскен жолданымды бұған дейін қараған қызметкерге тапсыруға жол берілмейді.

34. АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкер тұрақты негізде арыз иелерінің қанағаттану деңгейіне мониторинг жүргізіп, консультация алған және жеке қабылдауға жазылудан бас тартқан арыз иелеріне телефон байланысы арқылы іріктең сауалнама жүргізуі тиіс.

35. ЖОТБД басқа мұдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, мыналарды:

1) өткізілетін қабылдаулар шеңберінде Министрліктің жұмысын ақпараттық-талдамалық сұйемелдеуді;

2) қабылдауға тартылған жауапты лауазымды адамдардың, оның ішінде басқа да мұдделі органдардың жауапты лауазымды адамдарының қатысуын;

3) арыз иесімен кері байланысты (қажеттілікке қарай) қамтамасыз етеді.

36. Қабылдау жұмысының нәтижелері туралы АҚО-да қабылдауды ұйымдастыруға жауапты қызметкери тұрақты негізде (тоқсанына кемінде бір рет) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын хабардар етеді.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
лауазымды адамдарының
жеке тұлғаларды және заңды
тұлғалардың өкілдерін жеке
қабылдауының регламентіне
қосымша

Министрліктің басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК